

2024 жылға мемлекеттік қызметтер бойынша есеп
ШҚО ББ «Серебрянск технология колледжі» КММ

«Серебрянск технология колледжі» КММ (бұдан әрі – Колледж) өз қызметін ҚР Конституциясына, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, 2012 жылғы 25 маусымда №12007009 мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырады. Лицензияны ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шығыс Қазақстан облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» берген.

Колледж директоры – Антоненко Ольга Сергеевна, 2019 жылдың 13 қыркүйегінен бастап осы лауазымға тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ «Мемлекеттік қызметтер тізілімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласы бойынша колледжде 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау;
2. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың дубликаттарын беру;
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру;
4. Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру;
5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру;
6. Белгіленген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылық) және патронаттағы тұлғаларға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру;
7. Педагогтарды аттестаттаудан өтуді ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау.

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету» мемлекеттік қызметі колледжде жатақхананың болмауына байланысты көрсетілмейді.

Мемлекеттік қызметтер «электрондық үкімет» веб-порталы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, сондай-ақ Колледждің кеңсесі арқылы тегін негізде көрсетіледі.

2024 жылы Колледж тарапынан келесі мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау – 51; оның ішінде: қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 51.

Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың дубликаттарын беру – 8; оның ішінде: қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 5, веб-портал арқылы – 3.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру – 0.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру – 1; оның ішінде: қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 1.

Белгіленген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылық) және патронаттағы тұлғаларға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру – 0.

Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру – 1; оның ішінде: қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 1.

Педагогтарды аттестаттаудан өтуді ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау – 3; оның ішінде: қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 3.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту саны – барлығы; оның ішінде:

Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың дубликаттарын беру – 2; оның ішінде веб-портал арқылы – 2.

Қызмет көрсетудің мерзімдерін бұзу, қызметкерлерге қатысты шағымдар, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен мерзіміне байланысты арыздар болған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті Стандартқа және нақты процессіне сәйкес келеді. Қызмет алушымен тікелей байланыс бар, себебі Стандартқа сәйкес қызмет электрондық түрде де, қағаз түрінде де көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сепбаева Асел Сейлханқызы үш жылда бір рет мемлекеттік қызметтер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

2024–2025 оқу жылына мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты тұлғалар:

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рыбалова А.С.;

2. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың дубликаттарын беру – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сепбаева А.С.;

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру – директордың оқу-өндірістік практика жөніндегі орынбасары Нуркишева А.С.;


4. Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сепбаева А.С.;


5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сепбаева А.С.;

6. Белгіленген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылық) және патронаттағы тұлғаларға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рыбалова А.С.;

7. Педагогтарды аттестаттаудан өтуді ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау – әдіскер Акияшова А.М.

Қызмет алушылармен жұмыс. Колледж кітапханасында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған, «Мемлекеттік қызметтер» стендінде ақпарат орналастырылған. Колледж сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат берілген. <https://stehncollege.ful.kz/ru/>





Студенттердің, колледж оқытушыларының және ата-аналардың мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі жөніндегі хабардарлығын арттыру мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді:

- Ата-аналар жиналысы (2024 жылғы 25 қыркүйектегі №1 хаттамадан үзінді);
- Колледждің барлық топтарында сынып сағаттары өткізілді (2024 жылғы 13 ақпан күнгі сынып сағаттары хаттамаларынан үзінділер, фотоесеп);
- Барлық курстарда «Информатика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндерін оқыту барысында студенттерге «Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет» порталының жұмыс істеу шарттары түсіндірілді.

